



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

жоғарыда көрсетілген 4 категорияның иероглифтары кіреді.

6. Жаңа таңбалар. Бұл топқа жаңа терминдер мен түсініктерді белгілейтін иероглифтар кіреді. Көбінесе бұл таңбалар транскрипциялық-фонетикалық принцип бойынша құрастырылған.

Иероглифтың мазмұнын түсіну үшін, оның тарихына шолу жасап, мәніне назар аудару керек. Мысалы:



«nv» – қыз. Қытай елінде қыз бейнесі, қыздың жүріс - тұрысы ерекше сипатталған. Яғни, инабаттылық, ибалық қасиеттерін ескере отырып, жазба әріптік таңбаларды сол кейіпте берген. Әрине уақыт өте келе, заманауи талаптармен, өркениеттің алға басуына

байланысты «nv» яғни «қыз» қытай тіліндегі иероглифтік таңбасы өзгергенмен, түпнұсқадан айырмашылығы тек дәлдігінде, яғни әр сызық ұшталып белгіленген.

Иероглифалық жазбалар өз ішінде күрделі, әрі түрлі ой реңдерін білдіре отыра, сарқылмас мүмкіндіктер жасырып тұрған тарих. Мұғалім, өз кезегінде, оқушыларға іші сызықтарға толы шаршыны жаттата берудің орнына, иероглифті құраушы бөліктерінің мағынасын түсіндіре отырып, әр иероглифті есте сақтауға септігін тигізуді мақсат етуі керек.

Мектепте өткен педагогикалық практикамынң қорытындысы ретінде мен қытай тілін үйретудің коммуникативті әдіс-тәсілдері кеңінен қолдануды ұсынамын. Мысал ретінде мыдай үлгідегі сабақтарды келтіруге болады:

- Коммуникативті үлгідегі сабақтар;
- Конференция сабақтар;
- Экскурсия сабақтар;
- Олимпиада сабақтар;
- Спектакль сабақтар өткізу.

Бұндай сабақтарға дайындалу барысында, оқушылар қытай тілінде өз ойын жеткізуді үйренеді, өзіндік тілдік барьермен күреседі, оқушылардың есте сақтау қабілеті күшейеді, және де ең бастысы, оқушылардың тілді үйренуге деген қызығушылығы арта түседі. [5.12]

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі – Жаңа Қазақстан». – Астана, 2007. – 70б.
2. ҚР «Білім туралы» заңының 5-бабы
3. Шетел тілін оқыту әдістемесі 1(39) 2011жыл – 34б
4. Қытай филологиясына кіріспе. Дүкен Мәсімханұлы 2004 ж.
5. Қытай тілі фонетикасының негіздері. Дүкен Мәсімханұлы 2001 ж.

ОӘЖ (УДК) 2-135.3 (510)

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

Успанова Айжан Жумабаевна

uspanova2012@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің халықаралық қатынастар факультетінің 3- курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Мансүр Шолпан

Қытай мәдениетін терең оқып таныған сайын, сандардың ерекше орнын аңғарасың. Қытай халқының күнделікті өмірде сандарды қолдану аясы тек сауда саласымен, есеп-қисап, санақ жүргізуден басқа, олардың сөз мәнерін байыту мен жеңілдету қызметін атқаратындығы қызықты жағдай. Сондай-ақ философия, медицина, музыка, архитектура шеңберінде де

қолданылатынын жоққа шығаруға болмас. Қытай сандарының еуропалық сандардан айырмашылығы, сандар барлық жазбаша символдар сияқты иероглифтер арқылы жазылады. Көп таңбалы сандар қажетті тәртіпте иероглифтердің комбинациясы арқылы құралады. Сонымен бірге қытай сандары септелмейді, жіктелмейді және көпше, жекеше түрлері жоқ. Қытайдың төл сандар жүйесін қазіргі таңда араб сандары ығыстыруда. Бұл ең алдымен араб сандарының қытай сандарынан гөрі жазуға жеңіл, әрі тиімді болуында. Сандардың айтылуы қытайдың сөздеріне ұқсас омоним іспеттес. Олардың беретін мән – мағынасына сүйенер болсақ, [1.45]

0-ling –сіз, бос кеңістік.

1-yi- омонимдері :қалау, ерлік, намыс, ұтыс. Даос ілімі бойынша жасампаздық саны. Қандай да бір құбылыстың, тіршіліктің, әлем жаратылысының бастауын білдіреді. Бірлік сөзінің түпкі түбірі.

2-er-омонимдері:махаббат, қос жақсылық, оңай. Қосылу, толықтыру нышаны. Даостық ұғымда Жер мен Аспан, адамзат ұрпағын жалғастыратын еркек пен әйелдің киелі одағы, ақ пен қара, жарық пен қараңғылық, күн мен түн, жер шарының тепе-теңдігін сақтап тұрған екі энергия: «инь» мен «янь» ұғымдарын білдіреді.

3-san-омоним: туу, өмірге әкелу. Бір мен екінің қосындысы ретінде қандай да бір істің бастамасын да, жалғасын да білдіреді. Қытайларда үш саны біраз құбылыстың нышаны. Жарықтың үш көзі: Жұлдыз, Ай, Күн. Үш бастау: Аспан, Жер, Адам. Үш жер: қасиетті жер, ақиқат жері, шексіз өмір жері. Отбасының негізгі құраушылары: ер мен әйел адам және ұрпақ.

4- si-өлім

5- wu-омоним: мен, ештеңе емес, бос. Жер бетіндегі негізгі бес элемент: ағаш, от, жер, металл және су. Бес саны ауқатты, күшті, белсенді де сабырлы және биіктен көрінер сан сонымен бірге жоғарыда айтылған төрт бастаманың ортасында орналасып, жан-жабын басқарады.

6- liu-омонимдер:жол, байлық,бизнес. 6- дан 12- ге дейінгі сандар осы негізгі бестіктің қайталанып қосылуы болып саналады. Дегенмен де алты саны дыбысталғанда байлық деген мағына береді, сондықтан құрмет тұтатын сандар қатарында.

7-qi- омонимдер: бірлік сезімі,әйел немесе тамақ ішу. Өміріміздің негізгі циклы – аптаны, сол апта ішіндегі жеті күнді білдіреді.

8-ba- омонимдері:бай болу немесе сәттілік, жетістікке жету, гүлдену. Екі өлімнің қосындысы нәтижесінде гүлденуге әкелсін деген ниетті білідретін қытайлар үшін киелі сан.

9- jiu-омонимдері:ұзақ уақыт, тұрақтылық,тағам. Ұзақ ғұмыр.

10- омоним:табыс. 10 санын аса жоғары құрметке ие емес. Себебі, 10 қандай да бір құбылыстың аяғын, соңын білдіреді. Құрамы 1 мен 0 тұрады. Яғни, ұлы бастамамен басталса, аяғы бос кеңістікке әкеліп соқтырады. Қысқаша айтқанда жабық есік деген түсінікке ие болады. [2.119-124]

Жоғарыда аталып өткен сандар тек бір аймаққа қатысты, ал ҚХР-да аймақтар саны 5.Қытайға қыдырып баратын болсаңыз, осы сандардан құралған сөз тікестерін құруыңыз, сіз үшін ұтымды жағдай болады. Біріншіден, бар болғаны 0-9 дейінгі сандардың аталуын білсеңіз болғаны, екіншіден қытай тілін тереңдеп оқымаған жағдайда алғашқы күндері осы сандардан құралған сөз тіркестері қытайлар үшін түсінікті болады. Тіпті қазіргі таңда таңымал McDonald Fast Food-тың тамағына Қытайда тапсырыс беру үшін 4008-517-517.com мекен-жайына хабарласу керек, мұндағы 517 саны қытайша дыбысталуы «wo yao chi», яғни мен тамақ ішкім келеді деген сөздің тура мағынасы. [4.16]

Қытай азаматтары әсіресе жас буын арасында әр түрлі әлеуметтік желілер де болсын сандар тізбегін қолдану дәстүрі кең етек жайған. Тіпті өзіндік бір сандардан құралған, логикалық жағынан тұрақты сөз тіркестері де қалыптасып үлгерген. Олар 5201314 сандардан құралған тізбек мағынасы «мен сені өмір бойы сүйіп өтемін» болса, 687 «кешірім сұраймын» дегенді білдіреді. Сондай-ақ ғаламтор парақшалары да ресми аталуы сандардан құралады, домендерде де сандар жазылады. Егер біздерге тек екі номер, яғни жеке басты

куәландыратын құжаттың нөмірі мен ұялы телефонның нөмірлерін білу керек болса, қытай халқы керісінше күнделікті өмірлері сандармен қоршалған: QQ мессенджеріндегі нөмір, email электронды пошта мен сайттардың мекен – жайы тағысын тағы. Мысалға, ірі интернет-дүкен болып саналатын Jingdong Mall jd.com мекен жайында немесе, қысқаша 3.cn мекен-жайында орналасқан. Ірі ойын сайтының мекен-жайы 4399.com, теміржол билеттеріне тапсырыс беру үшін 12306.cn мекен-жай, автокөліктерді сату — 92.com мекен-жайын енгізсеңіз болғаны. [3.12]

Қытай сандарының дыбысталуы бойынша негізгі қытай сөздерімен ұқсас болып келуінің негізінде көптеген артықшылықтар бар. Мәселен, интернет-алыбы Alibaba-ның URL — 1688.com, «yow-liu-ba-ba» деп дыбысталады. Видеохостинг 6.cn осы мекен – жайды таңдауының себебі, «алты» саны, «ағын» деген қосымша мағынасы бар. 5 саны «wu», «wo» (қытайша «мен»), ал 1 «yao», яғни «қалау, қажет, керек». Сондықтан жұмыс іздеу бойынша сайт мекен-жайы 51job.com дыбысталуы жағынан «Маған жұмыс керек» дегенді білдіретіндігі бекерден бекер емес.

Егер Қазақстанда халық арасында 7 саны киелі деп танылса, Қытайда 8 саны үшін үлкен тартыстар өтеді. 2003 жылы қытайлық әуе компаниясы 88888888 телефон нөмірі үшін \$280 мың төледі. Қытайда жұп сандар тірі энергия, ал тақ сандар жансыз энергияны білдерді. Алайда жұп сандардың ішінде ерекше өлімнің мағынасын білдіретін 4 саны халық арасында қорқыныш үрейін туғызғаны соншалық, көпқабатты үйлердегі лифттерде 4 санының орнына 3А тетігін байқаймыз. Тіпті 13 саны 1+3=4 сандарының қосындысы 4 білдіргендіктен, энергетика жағынан негативті болып саналады. 4 бақытсыздық әкеледі деп сенетін қытайлықтар үшін мемлекетте құрамында 4 саны бар автокөлік нөмірлерін сатуға тиым салынды. Әрине бұл экономикалық жағынан тиімсіз болып қалды. Алайда құрамында 4 бар 48 санының аудармасы «өлім ақшасы» бірақ мағынасына қарайтын болсақ үлкен еңбекпен әрі адалдықпен тапқан «үлкен байлық» дегенді білдіреді. [4.7]

Тарихи деректерге сүйенер болсақ, сандардың қолданылуының геосаяси негізі бар. Мысалға алатын болсақ ежелгіқытайлық әскери трактаты 36 стратагемін тереңдеп қарастырсақ, 36 бұл тек идиомалардың мөлшерін білдіріп қоймайды, оның өзіндік мән мағынасы да бар, мұндағы 6- liu – саны қулық деген білдіретін болса, 36 дегеніміз қулықтың еселенген түрін білдіреді, я болмаса қулықтың ішіндегі қулық. Қазіргі таңда осы стратагемдердің теориялық негізі, қытайдың жүргізіп отырған сыртқы саясатынан байқауға болады.

Әлемдік спорт саласында жыл сайын өткізілетін аламан додаларға қатысып қана қоймай, оларды халықаралық деңгейде жүргізуді де мойнына алатын Қытай Халықтық Республикасы, осы жағдайда да сәттілік пен молшылық әкелетін сандарға негіздеп, спорттық жарыстардың өткізілетін күндерін де белгілейді. Жарқын мысал, барлығымызға белгілі 2008 ж 08.08 күні сағат 8/8/08 Бейжің жазғы спорт олимпиадасының ашылу салтанаты өткізілді.

Қуаныш пен бақыт қайда болса, қайғы мен сәтсіздікте қатар жүреді демекші, сәтсіздік пен бақытсыздық тіпті өлім мағынасын білдерін 4 саны Қытай тарихында шынымен де жағымсыз, адамдардың қазасымен сипатталатын күнмен тұспа тұс келеді. Тарихқа көз жүгіртсек, 1989 ж 4-ші маусым айында Бейжіңде орналасқан атақты Тяньаньмэнь алаңында студенттердің көтерілісі басып жаншылды, сол кездегі ұрандары 打倒贪官! (dǎ dào tān guān!) аудармасы «жемқорларды құлату!» болды, нәтижесінде әскерилер студенттердің митингін күшпен тоқтатып, көптеген студенттердің өліміне душар етті. [1.57]

Халықаралық қатынастар деңгейінде мемлекет басшылары мен СІМ арасында өткізілетін ресми және бейресми келіссөдер, кездесулері де көп жағдайда сәтті күндер мен жақсылық нышанын білдіретін сандарда өткізіледі. Сөзімнің дәлелі ретінде, Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасымызбен Қытай Халықтық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен 07.09.2013 ж Ақордада салтанатты кездесу рәсімі мен бірлескен брифинг өткізілді. 19.05.2014 ж., 12.09.2014ж. күндері Елбасымызбен ҚХР дың Төрағасы арасында кездесу өтті. Кездесулер нәтижесінде, күн тәртібіне қойылған мақсаттарға қол жеткізіліп, болашаққа қатысты жарқын жобаларды іскер асыруға арналған бірлескен жобалар

қабылданды.[3.9]

Қытай мәдениеті мен тарихының байлығы мен ашылмаған, айтылмағын сырларымен өзіне тартады. Әрі өзіндік ерекшелігін, болмысын сыртқы саясаттың экономикалық, технологиялық, әскери салаларында әрдайым қатар ұштастырып отырады. Сонымен бірге әр саланы байланыстарушы көпір қызметін сандар атқарады. Жоғарыда аталып өткен деректердің ортақ бір қорытындыға келтірсек, қытай халқының қазіргі тынысы мен ертеңі мен өткені үнемі сандармен байланыста болды және олар әрбір қытайлық үшін белгілі бір түсінік қалаптастыруға себепші болады. Бұл Қытайдың әлем назарынан тыс қалмауына әрі тұрақты дамуы мен бірегейлігінің көпжылдық болашағына кепіл болады.

Қолданылған әдебиет

1. Кравцова М.Е История культуры Китая 2003 ж . 3- басылым 416б. 40-45, 53-57
2. Д. Омаров Мерекесі мол мемлекет Алматы 2010 ж. 137б. 119-124 б.
3. <http://www.akorda.kz/>
4. Silicornus.com

ОӘЖ 811.581'373.421

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ӨЗАРА-МӘНДЕС СӨЗДЕР (同义词) МЕН СИНОНИМДЕР (近义词)

Цзинь Бэйли
Искакова Мадина Серикболсыновна
Шаяхмет Жұлдыз
7636943@qq.com
madok.17@mail.ru
sjuldiz@hotmail.ru

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Қытай филологиясы кафедрасы оқытушылары,
Астана, Қазақстан*

Қытай тіліндегі өзара мәндес сөздер мен синонимдерді ажырата талдау қазіргі қытай тілінің маңызды зерттеу объектісі болып табылады. Қазір көптеген ғалымдар қытай тіліндегі өзара-мәндес сөздер мен синонимдер арасындағы байланыс қандай, өзара-мәндес сөздер мен синонимдер біртұтас бөлік ретінде қарастырыла ма әлде жеке дара объекті болып табыла ма деген пікірлер айтуда. Өзара-мәндес сөздер мағыналары бірдей немесе жақын сөздер. Синонимдер мағынасы жағынан бірдей сөздер, бірақ қолдану жағы мен эмоция, дауыс ырғағы жағында айырмашылықтары бар.

Өзара-мәндес сөздер мен синонимдердің айырмашылықтары:

Қазіргі таңдағылым саласындағы өзара-мәнде ссөздер мен синонимдерді талдау мен ажыратуда өзара- мәндес сөздерге басымырақ мән береді. Өзара-мәндес сөздер дегеніміз- синоним сөздер ме деген сұрақ ғылым саласында бүгінгі таңға дейін шешімін таппай отырған мәселелердің бірі болып тбылады. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, өзара-мәндес сөздер мағынасы жақын сөздер, яғни мағыналары жақын болса, оларды өзара-мәндес сөздер деп атауға болады. Ал, кейбір ғалымдардың пікірі бойынша, өзара-мәнде ссөздер дегеніміз мағынасы түгелдей ұқсас екібуынды немесе оданда көп буынды сөздер. Сондай-ақ, компромистік көзқараста бар. Синологтар өзара-мәндес сөздерді зерттеуде мынадай үш негізгі тұжырымға келді.

1. Синонимдерді өзара-мәндес сөздердің субъектісі деп қарастырып, оларды өзара-мәндес ретінде қолдануға болады. Қытай профессоры Джан Джинь өзінің «Лексиканы